АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 24 СӘУІРДЕГІ
**ҚАУЛЫСЫ**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры ***Х.Н.Жанбековтің*** **«Университеттің 2019/2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясына дайындығы туралы» есебін** тыңдап және талқылай келе, ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ**:

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Х.Н.Жанбековтің «Университеттің 2019/2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессиясына дайындығы туралы» есебі - назарға алынсын. | | |
| 2 | -Көктемгі емтихан сессиясы онлайн тест түрінде өткізілсін. | *Оқу ісі жөніндегі проректор **А.А.Сатмырзаев***<br>*Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Х.Н.Жанбеков*<br>*Тестілеу орталығының директоры Д.Н.Исабаева*<br>*Институт директорлары* | |
| 3 | -Техникалық жағдайларға байланысты онлайн тестілеуге кіру мүмкіндіктері жоқ кейбір студенттер пән бойынша ағымдағы бағалар негізінде бағалау форматында өткізілсін.<br>-«Қазакстанның казіргі заман тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан тестілеу түрінде өткізілсін. | *Оқу ісі жөніндегі проректор **А.А.Сатмырзаев***<br>*Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Х.Н.Жанбеков*<br>*Тестілеу орталығының директоры Д.Н.Исабаева*<br>*Институт директорлары* | |
| 4 | - Шығармашылық бағытта білім алатын студенттердің емтихандары мониторинг/прокторинг бағдарламаларымен жүзеге асырылсын. | *Институт директорлары,*<br>*кафедра меңгерушілері* | |
| 5 | - Көктемгі емтихан сессиясын тест түрінде тапсыруға немесе пән бойынша ағымдық бағалар негізінде бағалау форматында өтуге ниет білдіруші білім алушылардың тізімі әзірленсін.<br>- Оқу төлемақысы туралы білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. | *Институт директорлары,*<br>*кафедра меңгерушілері* | |
| 6 | - «Академиялық адалдық» Кодексінің ережелерін сактау бойынша білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу күшейтілсін. | *Институт директорлары,*<br>*директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары*<br>*кафедра меңгерушілері және эдвайзерлер* | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | - Көктемгі сессияның емтихандарына мониторинг/прокторинг жүргізу үшін тиісті бағдарламалар камтамасыз етіліп, бейнежазбалар жүргізілсін. | *Білім беруді ақпараттандыру департаментінің директоры Б.С.Ахметов*<br>*тестілеу орталығының бастығы Д.Н.Исабаева* | |
| 8 | - 1-2 курстар бойынша іс-тәжірибелер (далалық, пленэрлік, археологиялық, тілдік, оқу-зерттеу және т.б.) келесі оку жылына көшірілсін . | *Институт директорлары,*<br>*кафедра меңгерушілері*<br>*«Мансап орталығының» бастығы Р.Қ. Жетібай* | |
| 9 | Осы шешімнің орындалуын кадағалау *оку ісі жөніндегі проректор **А.А.Сатмырзаевқа*** жүктелсін. | | |

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры ***Х.Н.Жанбековтің*** **«Абай атындағы ҚазҰПУ Академиялық саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** есебін тыңдап және талқылай келе,

Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ**:

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | - Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Х.Н.Жанбековтің «Абай атындағы ҚазҰПУ Академиялық саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ақпараты - назарға алынсын. | | *15.03.2020* |
| 2 | - Абай атындағы ҚазҰПУ Академиялық саясатының 122 тармағына толықтыру енгізілсін. | *Оқу ісі жөніндегі проректор **А.А.Сатмырзаев***<br>*Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Х.Н.Жанбеков* | *15.03.2020* |

3. Абай атындағы ҚазҰПУ Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры *Н.Әуесбекұлының* **«Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2020 жылға талапкерлерді тарту бойынша атқарылатын міндеттер туралы»** баяндамасын тыңдап және талқылай келе,

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды кабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2020 жылға талапкерлерді тарту бойынша атқарылатын міндеттер туралы» есебі назарға алынсын, атқарылған жұмысы нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелсін. | | |
| 2 | - Білім алушыларды кабылдау іс-шараларын жүзеге асыру максатында әрбір институт «2019/2020 оку жылына арналған білім алушыларға кәсіби бағдар беру Жұмыс жоспарына» сәйкес атқарылатын жұмыстарын | Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры *Н.Әуесбекұлы*<br>*Институт директорлары* | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | КББ және БҚ орталығымен бірлесе жүргізуін одан әрі жалғастырсын. | | |
| 3 | - бакалавриатты бітіретін түлектерді магистратураға тарту мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу, әрбір мамандық бойынша оқу үлгерімі жоғары бакалавриатты бітіретін түлектерді таңдау және магистратураға, докторантураға түсу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылсын, атқарылатын кешенді іс-шаралар нақтылансын | *Оқу ісі жөніндегі проректоры А.Сәтмырзаев, Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Құлсариева, институт директорлары* | *10.05.2020ж* |
| 4 | - Университеттің «Ашық есік күндері», «Институт мамандықтарымен танысу», «Шығармашылық емтихандар», оқу-әдістемелік семинарлар, кездесулер, пәндік олимпиадалар және т.б. онлайн форматында өткізілсін | Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры *Н.Әуесбекұлы Институт директорлары* | ***20.05.2020*** |
| 5 | - БАҚ аясында пиар-кампанияларды жандандыру, кәсіби бағдар беру бағытындағы онлайн форматында өткізіліп жатқан барлық іс-шаралар өз уақытында Университет сайтында, әлеуметтік желілерде, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып отырсын, арнайы телеарналар мен радиодан кәсіби бағдар беру сипатындағы ақпараттар берілсін. | *Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы Қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы М.Р. Ахметов* | *25.05.2020* |
| 6 | 2020/2021 оқу жылында оқуға қабылданатын талапкерлер үшін бакалавриат, магистратура және докторантура сатылары бойынша қабылдау Ережелері, білім бағдарламалары, жеңілдіктер Ережесі, ақылы оқу бағасы және т.б. ақпараттар өз уақытында Университет сайтына жаңартылып қойылсын | *Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы Қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы М.Р. Ахметов* | *30.04.2020ж* |

**4. Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «2020/2021 оқу жылына білім алушылардың оқу төлем ақысын бекіту және күндізгі, күндізгі қысқартылған оқу түрлеріне қарастырылатын жеңілдіктер туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, Ғылыми кеңес ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | |
|---|---|
| 1 | Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «2020/2021 оқу жылына білім алушылардың оқу төлем ақысын бекіту және күндізгі, күндізгі қысқартылған оқу түрлеріне қарастырылатын жеңілдіктер туралы» ақпараты- назарға алынсын. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | - 2020/2021 оқу жылына білім алушылардың оқу төлем ақысы – *бекітілсін.* | *Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы* | |
| 3 | - Абай атындағы ҚазҰПУ білімалушыларына арналған күндізгі, күндізгі қысқартылған оқу түрлеріне қарастырылатын жеңілдіктер көлемі - бекітілсін. | *Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы* | |

5. Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның «2020/2021 оқу жылына бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білімалушыларды қабылдау үшін білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай келе, ГЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

| | |
|---|---|
| 1 | - 2020/2021 оқу жылына арналған білімалушыларды қабылдауға арналған білім беру бағдарламалар тізімі бекітілсін. (Мерзімі – 05.05.2020ж). |

**6. Төтенше жағдай кезіндегі еңбек қызметінің кейбір ерекшеліктері туралы**

**Әкімшілік департаментінің директоры Ғ.С.Дулатовтың «Төтенше жағдай кезіндегі еңбек қызметінің кейбір ерекшеліктері туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| | |
|---|---|
| 1 | Әкімшілік департаментінің директоры Ғ.С.Дулатовтың «Төтенше жағдай кезіндегі еңбек қызметінің кейбір ерекшеліктері туралы» ақпараты- назарға алынсын. |
| 2 | ***Жауапты проректорларға, институт директорларына, департамент директорларына, орталық басшыларына:***<br>- Құрылымдық бөлімдегі барлық қызметкерлердің кезекті еңбек демалысы мамыр айына ауыстырылсын.<br>- Кезекті еңбек демалысына кеткісі келмеген қызметкерлердің жұмыс орны сақталып, ең төменгі жалақы мөлшерімен ақысыз демалысқа жіберілсін. (Мерзімі – 01.05.2020 ж.) |

7. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор М.А.Бектемесовке жүктелсін.

**Ғылыми кеңес төрағасы** **Т. Балықбаев**

**Бас ғалым хатшы** **Ж. Сейсенбаева**